



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24,

125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат):

125-баптың 2-тармағы «үшінші жақтар» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 897-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын тіркеу»;

993, 997, 998, 999 және 1003-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«993-бап. Патентке берілетін құқыққа билік ету»;

«997-бап. Автордың қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы алуға құқығы;

998-бап. Патенттің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуы

999-бап. Патенттің қолданылу мерзімі»;

«1003-бап. Патентті бұзғаны үшін жауаптылық»;

2) мынадай мазмұндағы 897-1-баппен толықтырылсын:

«897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын тіркеу

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, интегралдық микросхемалар топологияларына айрықша құқықтар кешенін беру туралы талаптарды қамтитын кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты патенттік органда (ұйымда) тіркелуге жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шартты тіркеу тәртібіне лицензиялық шартты тіркеу туралы ережелер қолданылады.»;

3) 964-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Айрықша құқықтар объектісін басқа тұлғалардың пайдалануына құқық иеленушінің келісімімен не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жол беріледі.»;

4) 972-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы «қала құрылысы» деген сөздерден кейін «, дизайн» деген сөзбен толықтырылсын;

5) 978-бапта:

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқықтары мынадай әрекеттерді жүзеге асыру, жүзеге асыруға рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын білдіреді:»;

10) тармақшадағы «заң актілеріне», «іс-әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат етуіне немесе тыйым салуға құқылы» деген сөздер тиісінше «заңнамалық актілерге», «әрекеттерді жүзеге асыруына» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

6) 986-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орындалатын туынды авторларының құқықтары сақталған кезде, орындаушы осы тарауда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтарды жүзеге асырады.»;

7) 991-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.»;

3-тармақтағы «өндіріс құралдары мен тұтыну заттарын конструкторлық орындау» деген сөздер «техникалық шешім» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

«Инновациялық патент және патент» деген сөздер «Патент» деген сөзбен ауыстырылсын;

«оларды беру тәртібі заң актісімен» деген сөздер «оны беру тәртібі заңнамалық актіде» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «өндіріс құралдары мен тұтыну заттарын конструкторлық орындаулардың» деген сөздер алып тасталсын;

8) 992-баптың мәтініндегі «иесінің» деген сөз «иеленушінің» деген сөзбен ауыстырылып, «инновациялық патентпен немесе» деген сөздер алып тасталсын;

9) 993-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «және инновациялық патентке», «және инновациялық патентті» деген сөздер алып тасталып, «, және патент пен инновациялық» деген сөздер «және» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 994-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің авторына авторлық құқық тиесілі болады.»;

11) 996 және 997-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«996-бап. Қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер

Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындаған кезде жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге (қызметтік өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге) патентке берілетін құқық, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс берушіге тиесілі болады.

997-бап. Автордың қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы алуға құқығы

Авторға қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы мөлшері, оны төлеу талаптары және тәртібі өзі мен жұмыс беруші арасындағы келісімде айқындалады. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шешімді сот қабылдайды. Егер қызметтік өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні жасаудағы автор мен жұмыс берушінің үлесін мөлшерлеу мүмкін болмаса, жұмыс беруші алған немесе алуға тиіс болған пайданың жартысына автордың құқығы танылады.»;

12) 998-бапта:

тақырыптағы «Инновациялық патент пен патенттің» деген сөздер «Патенттің» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы «өнертабысқа инновациялық патент, патент, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент» деген сөздер «өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патенттер» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

«заң актілері қоятын», «шетелдік азаматтар» деген сөздер тиісінше «заңнамалық актілерінде қойылатын», «шетелдіктер» деген сөздермен ауыстырылсын;

«инновациялық патент пен өнертабысқа патент, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге» деген сөздер «өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 999 және 1000-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«999-бап. Патенттің қолданылу мерзімі

1. Патент патенттік органға (ұйымға) өтінім берілген күннен бастап қолданылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар сақталған кезде:

1) өнертабысқа патент – жиырма жыл бойы күшін сақтайды.

Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке (ұлы химикатқа) жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім бес жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғашқы рұқсат алынған күнге дейін өткен уақытқа ұзартылады;

2) пайдалы модельге патент – бес жыл бойы күшін сақтайды. Патенттің қолданылу мерзімін патенттік орган (ұйым) патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ үш жылдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін;

3) өнеркәсіптік үлгіге патент – он бес жыл бойы күшін сақтайды. Патенттің қолданылу мерзімін патенттік орган (ұйым) патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін.

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні қорғау патенттік органға (ұйымға) өтінім берілген күннен бастап қолданылады. Құқықтарды қорғау патент берілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Патент беруден бас тартылған жағдайда, қорғауға алынбаған деп есептеледі.

3. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің басымдығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен айқындалады.

4. Айрықша құқықтың қолданылу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, өнертабыс, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгі қоғамдық игілікке өтеді.

5. Қоғамдық игілікке өткен өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні кез келген адам ешкімнің келісімінсіз немесе рұқсатынсыз және пайдаланғаны үшін сыйақы төлемінсіз еркін пайдалана алады.

1000-бап. Патенттік құқықтарды беру туралы шарт

Патентті басқаға беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс және патенттік органда (ұйымда) тіркелуге жатады. Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.»;

14) 1003-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «Инновациялық патент пен патентті», «жауапкершілік», «иесінің», «инновациялық патент пен патентті», «иесіне», «иесі» деген сөздер тиісінше «Патентті», «жауаптылық», «иеленушінің», «патентті», «иеленушіге», «иеленуші» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 1004-баптың 2-тармағының бірінші сөйлеміндегі «инновациялық патент немесе» деген сөздер алып тасталып, «иесінің» деген сөз «иеленушінің» деген сөзбен ауыстырылсын.

3. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат):

1) 539-баптың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) патент бергені үшін, тауар белгісін, тауар шығарылатын жердің атауын тіркегені үшін – 100 пайыз;

2) жалпы жұртқа белгілі тауар белгісін тіркегені үшін – 100 пайыз;

2) 547-баптың 2-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның патенттер беруге, тауар белгілерін және тауарлар шығарылатын жердің атауларын тіркеуге, жалпы жұртқа белгілі тауар белгісін тіркеуге, шарттарды тіркеуге, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беруге байланысты заңды мәні бар әрекеттер жасағаны үшін – тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.».

4. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 2-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) айрықша құқық – автордың және (немесе) өзге де құқық иеленушінің туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектісін белгіленген мерзім ішінде кез келген тәсілмен пайдалануды жүзеге асыруға, оған рұқсат беруге және тыйым салуға мүліктік құқығы;»;

2) 7-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы «қала құрылысы» деген сөздерден кейін «, дизайн» деген сөзбен толықтырылсын;

3) 9-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтың үшінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі «ақиқаттылығы», «ресми тізілімдерде» деген сөздер тиісінше «презумпциясы», «авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өзге де дәлелдеме болмаған кезде туындының түпнұсқасында немесе данасында автор ретінде көрсетілген адам туындының авторы – авторлықтың презумпциясы деп есептеледі.

Авторлықтың презумпциясы тек автордың өзіне қатысты ғана қолданылады.»;

4) 9-1-бапта:

6-тармақтың бірінші абзацындағы «бақша-парк» деген сөздер «дизайн, бау-саябақ» деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақта:

бірінші сөйлем «беру» деген сөзден кейін «және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем «нысанын» деген сөзден кейін «және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізілетін мәліметтердің тізбесін» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «қол сұғуға жол бермеу», «ар-ожданына яки» деген сөздер тиісінше «қол сұғылмаушылық құқығы», «абыройына немесе» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 19-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) кітапханалардың және мұрағаттардың туындының жоғалған немесе бүлінген даналарын ауыстыру мақсатында құқыққа сыйымды жарияланған туындыларды пайда алмастан цифрлық форматқа ауыстыру арқылы туындының жалғыз данасын қайта шығаруы, сондай-ақ өздерінің қорларынан туындыны қандай да бір себептермен жоғалтқан басқа да кітапханаларға туындының даналарын беру.»;

7) 32-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«32-бап. Авторлық шарттың талаптары мен нысаны»;

8) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тапсырыстың авторлық шартында туынды тапсырыс берушіге берілуге тиіс мерзім, сондай-ақ туындыны пайдалануға мүлкітік құқықтарды беру көзделуге тиіс.»;

9) 44-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Пайдаланушылар мүлкітік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану туралы есепті, сондай-ақ сыйақыны жинау және бөлу үшін қажетті өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті, олардың тізбесі мен ұсынылу мерзімдері лицензиялық шартта айқындалады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мүлкітік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым жиналған сыйақыны бөлу және төлеу үшін шаралар қолдануға міндетті.

Жиналған сыйақыны пайдаланушылардың авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануы туралы есептерінің ұсынылмауына байланысты бөлу және сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда, мүлкітік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым мұндай бөлінбеген сыйақыны сақтауға, ал ұйым шотына келіп түскен күнінен бастап үш жыл өткеннен кейін оны авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілердің жалпы жиналысында айқындалатын тәртіппен бөлінетін сомаларға қосуға міндетті.

Авторлық және сабақтас құқықтардың нақты иеленушілеріне бөлінген және олардың есебіне жазылған жиналған сыйақы сомалары мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның шотында сақталуға және ұйымның шотында мұндай сомалардың сақталу мерзіміне қарамастан, тиісті авторға және (немесе) құқық иеленушіге мұндай тұлғалардың табылуына немесе өтініш білдіруіне қарай төленуге тиіс.»;

10) 46-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан аспауға тиіс;»;

3) тармақшаның екінші сөйлемінде:

«ақылға қонымды және жеткілікті» деген сөздер алып тасталсын;

«қабылдауға» деген сөз «қолдануға, оның ішінде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын басқа да ұйымдардан, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпаратты осы мақсат үшін пайдалануға» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы «орналастыруға міндетті.» деген сөздер «орналастыруға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) уәкілетті органға жіберілетін есептерді Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында жария етуге;

9) пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап үш ай өткеннен кейін мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым олар көрсеткен құқықтарды және (немесе) объектілерді барлық пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттардан алып тастауға және бұл жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушіге бұрын жасалған лицензиялық шарттарға сәйкес пайдаланушылардан алынған, оған тиесілі сыйақыны төлеуге және оған есеп беруге міндетті.»;

11) 46-2-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігіндегі «барлық», «күнтізбелік алпыс күннен» деген сөздер тиісінше «бүкіл», «отыз жұмыс күнінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші сөйлеміндегі «күнтізбелік отыз күннен» деген сөздер «он жұмыс күнінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «шешім», «шешімі» деген сөздер тиісінше «қорытынды», «қорытындысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

екінші бөлікте:

1) тармақшадағы «бір» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы «үш» деген сөз «сегіз» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы «болуын назарға алуға тиіс.» деген сөздер «болуын;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) ұйымның осы Заңның 46-бабында көзделген міндеттерді тиісінше орындауын;

6) басқа мемлекеттердің мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарына мүдделерді өзара білдіру туралы қолданыстағы шарттардың негізінде сыйақының тиісті сомаларының аударылғаны туралы растайтын құжаттардың болуын;

7) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілерін назарға алуға тиіс.»;

үшінші бөліктің 2) тармақшасындағы «болмаған жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.» деген сөздер «болмаған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған;

4) ұйым осы Заңның 46-бабында көзделген міндеттерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.»;

12) 47-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы «31 наурызынан» деген сөздер «15 сәуірінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 2), 3), 4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мұндай ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер;

2) мұндай ұйымның осыған ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдері;

3) жалпы жиналыстың шешімдері;

4) талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, осындай ұйымның жылдық балансы, жылдық есебі, сондай-ақ аудиторлық есебі;

5) мұндай ұйымды білдіруге уәкілеттік берілген адамдардың тектері.»;

2-тармақтағы «ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды», «ақпаратты» деген сөздер тиісінше «мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде», «ақпаратты және құжаттарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 47-1-баптың 7) тармақшасындағы «қолданбаған жағдайда қайтарып алуы мүмкін.» деген сөздер «қолданбаған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайларда кері қайтарып алуы мүмкін.»;

14) 49-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) соттың қарап шешуі бойынша айқындалатын бір жүз айлық есептік көрсеткіштен он бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада немесе туынды даналары құнының екі еселенген мөлшерінде немесе салыстырмалы мән-жайлар кезінде әдетте туындыны құқыққа сыйымды түрде пайдаланғаны үшін алынатын бағаға негізделе отырып айқындалатын, туындыны пайдалану құқығы құнының екі еселенген мөлшерінде өтемақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Залалды өтеудің немесе кірісті өндіріп алудың орнына өтемақы мөлшерін сот айқындайды;».

5. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 5-бапта:

4-тармақтағы «мемлекеттік тілде» деген сөздер «қазақ» деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі «уәкілетті орган» деген сөздердің алдынан «агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 8-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінім берушінің селекциялық жетістіктің мәнін өзгертпей, өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылауларды осы өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін енгізуге құқығы бар.»;

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Көрсетілген өзгерістер өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілген кезде төлем алынбайды.

Қорғау құжатын алу құқығын басқаға беру кезінде өтінім берушіні көрсетуге қатысты өзгерістер немесе өтінім берушінің атауын өзгерту, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлем төленген кезде Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне тіркелген селекциялық жетістік туралы мәліметтер енгізілген күнге дейін жүргізілуі мүмкін.

Сараптама ұйымы жоқ құжаттарды немесе түзетілген материалдарды сұрата алады, өтінім беруші оларды сұрау салу жөнелтілген күннен бастап екі ай мерзімде ұсынуға міндетті.»;

3-тармақтың бірінші сөйлеміндегі «Уәкілетті органның алдын ала жүргізген сараптамасынан оң нәтиже алынған жағдайда», «шешім қабылданады» деген сөздер тиісінше «Алдын ала сараптаманың оң нәтижесін алған кезде уәкілетті орган», «шешім қабылдайды, бұл жөнінде өтінім беруші он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сұрып, тұқым патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келген кезде, мемлекеттік комиссия сұрыпты, тұқымды сипаттай отырып, қорытынды жасайды.

Мемлекеттік комиссия қорытындысының негізінде уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім шығарады, бұл жөнінде өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.

Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім

беруші сараптама ұйымына патент беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төлемін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде, өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.»;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер сараптама жүргізу барысында сұрыптың, тұқымның патентке қабілеттілік талаптарына сай келмейтіндігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган мемлекеттік комиссия қорытындысының негізінде он жұмыс күні ішінде патент беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.»;

4) 11-баптың 3-тармағындағы «ұйымдық» деген сөз «ұйымдастырушылық, материалдық (қаржылық)» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 12-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автордың жеке мүліктік емес құқықтары иеліктен шығарылмайтын болып табылады және мерзімсіз қорғалады.»;

4-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер селекциялық жетістікті бірнеше автор жасаса, апса немесе шығарса, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше белгіленбесе, сыйақы авторларға тең үлеспен төленеді.»;

6) 13-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) егер селекциялық жетістікті қызметкер қызметтік тапсырманы немесе қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаса, апса немесе шығарса, жұмыс берушіге беріледі.»;

7) 16-баптағы «сыйақы төлеу мен оларды», «айрықша құқықтар», «мұрагерлік» деген сөздер тиісінше «сыйақыға және оны», «айрықша құқық», «мирасқорлық» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 18-баптың 10-тармағында:

бірінші бөлікте:

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы «шарттың бақылау данасын», «сараптама жасау» деген сөздер тиісінше «тіркелген шарттың үш данасын», «сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «үшінші және төртінші даналары», «сараптама жасау» деген сөздер тиісінше «екі данасы», «сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама ұйымы тіркелген шарттар бойынша соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді, тіркелген шарттың екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны өтініште хат-хабар алысу үшін көрсетілген мекенжай бойынша жібереді, тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркеу нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық деректерін, шарт нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.»;

9) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуын қалпына келтіру. Соңынан пайдалану құқығы

1. Патентті күшінде ұстап тұрудың белгіленген мерзімінде төленбеуіне байланысты төлемнің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап тоқтатылған селекциялық жетістікке патенттің қолданылуы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша қалпына келтірілуі мүмкін.

Мұндай өтінішхат патентті күшінде ұстап тұру үшін төлемнің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде патенттің қолданылуын қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған кезде, бірақ осы Заңға сәйкес белгіленген патенттің қолданылу мерзімі өткенге дейін берілуге тиіс.

Сараптама ұйымы патенттің қолданылуы қалпына келтірілгені туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды, сондай-ақ оларды өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Жариялау күні патенттің қолданылуын қалпына келтіру күні болып табылады.

2. Патенттелген селекциялық жетістікті патенттің қолданылуы тоқтатылған күн мен патенттің қолданылуы қалпына келтірілгені туралы мәліметтер бюллетеньде жарияланған күн арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасы аумағында пайдалана бастаған не көрсетілген кезеңде осыған қажетті дайындықтарды жасаған кез келген тұлға патенттелген селекциялық жетістікті одан әрі өтеусіз пайдалану құқығын осындай пайдаланудың (соңынан пайдалану құқығы) көлемін кеңейтпестен сақтайды.

Соңынан пайдалану құқығы басқа жеке немесе заңды тұлғаға осы селекциялық жетістікті пайдалану орын алған немесе осыған қажетті дайындықтар жасалған өндіріспен бірге берілуі мүмкін.»;

10) 22-1-баптың 2-тармағы жетінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтінім беруші өткізіп алған мерзімі оның өтінішхаты бойынша қалпына келтіріледі.».

6. «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) еуразиялық патент – 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына сәйкес берілген патент;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қорғау құжаттары – өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге және пайдалы модельдерге осы Заңға сәйкес берілген патенттер;»;

5) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілері – қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде жасаған өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер;»;

2) 4-1-баптың 1-тармағында:

«формуланың әрбір тәуелсіз тармағына мәні бойынша» деген сөздер «мәні бойынша, сондай-ақ формуланың әрбір тәуелсіз тармағына» деген сөздермен ауыстырылсын;

«патенттік құжаттаманы (нөмірленген немесе атауы жазылған) іздестіруді;», «техника объектілері мен технологияларды патенттік тазалығы тұрғысынан зерттеуді; техника деңгейінің даму үрдістерін зерттеуді және талдауды; ғылыми зерттеулерді патенттік-құқықтық талдауды;» деген сөздер алып тасталсын;

3) 5-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.»;

2-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлемі алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Патент өнеркәсіптік меншік объектісіне басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өнертабысқа патент өтінім берілген күннен бастап жиырма жыл бойы қолданылады.

Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке (улы химикатқа) жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім бес жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады.

Пайдалы модельге патент өтінім берілген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады. Оның қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ үш жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Өнеркәсіптік үлгіге патент өтінім берілген күннен бастап он бес жыл бойы қолданылады. Оның қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

4) 7-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Адамдарды немесе жануарларды емдеудің диагностикалық, терапиялық және хирургиялық тәсілдерін қоспағанда, өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының көбеюіне), тәсілге (материалдық объектіге қатысты әрекеттерді материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша не жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша қолдануға жататын, кез келген саладағы техникалық шешімдер пайдалы модельге жатады.»;

төртінші бөліктегі «Қазақстан Республикасына басқа адамдардың пайдалы модельдерге және өнертабыстарға (қайтарып алынғаннан басқа) берген өтінімдері» деген сөздер «Қазақстан Республикасында пайдалы модельдерге және өнертабыстарға (қайтарып алынғаннан басқа) берілген өтінімдер» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұйымның сыртқы түрін айқындайтын өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібі өндірісі бұйымының көркем-конструкторлық шешімі өнеркәсіптік үлгіге жатады. Өнеркәсіптік үлгіге, егер ол жаңа, бірегей болып табылса, құқықтық қорғау беріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер бұйымның бейнелерінде көрініс тапқан және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің тізбесінде келтірілген оның маңызды белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгіге басымдық берілген күнге дейін әлемде жалпы жұртқа қолжетімді болған мәліметтерден белгілі болмаса, жаңа болып табылады. Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасында басқа тұлғалар бірдей өнеркәсіптік үлгілерге бұрын берген, кері қайтарып алынбаған өтінімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілер (оларға басымдық берілген күннен бастап) ескеріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер оның маңызды белгілері бұйым ерекшеліктерінің шығармашылық сипатын айқындаса, бірегей деп танылады.»;

б) 9-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

7) 10-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «олардың құқықтық мирасқорына (құқықтық мирасқорларына)», «беру» деген сөздер тиісінше «құқықтық мирасқорға (құқықтық мирасқорларға)», «басқаға беру» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «қызметтік өнертабысқа» деген сөздер «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер автор мен жұмыс беруші арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, автор өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындаумен байланысты емес, бірақ жұмыс берушінің ақпаратын, сондай-ақ техникалық немесе өзге де материалдық құралдарын пайдалана отырып жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын алу құқығы авторға тиесілі болады.»;

екінші бөлікте:

«Егер қызметтік өнертабыс», деген сөздер «Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«осы адамның көрсетілген қызметтік өнертабысқа» деген сөздер «мұндай адамның осы өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «қызметтік өнертабыстарды», «жұмыс берушілердің көрсетілген өнертабысқа» деген сөздер тиісінше «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілерін», «осы жұмыс

берушілердің өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктегі «Қызметтік өнертабыс», «қызметтік өнертабысты» деген сөздер тиісінше «Өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі», «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «қол қоюға» деген сөздер «қол қояды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 4) тармақшалардағы «қызметтік өнертабыстың», «өнертабыстың», «бағалауға жеткілікті толық жасалған сипаттамасы» деген сөздер тиісінше «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің», «өнеркәсіптік меншік объектісінің», «бағалау үшін жеткілікті түрде толық жасалған сипаттама» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс беруші автор (авторлар) берген өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің жасалғаны туралы хабарламаны оны берген күні қабылдауға және тіркеуге міндетті, бұл жөнінде авторға (авторларға) жазбаша нысанда хабарланады.»;

төртінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «қызметтік өнертабыс» деген сөздер «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөліктегі «қызметтік өнертабыстың» деген сөздер «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің жасалу фактісін жұмыс беруші анықтаса, онда ол бұл жөнінде авторды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Бұл ретте, егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын алу құқығы жұмыс берушіге тиесілі болса, жұмыс беруші авторды өзінің тиісті өтінімді ресімдеуді бастағаны туралы хабардар етуге тиіс, ал автор жұмыс берушінің талап етуі бойынша өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне өтінімді ресімдеу үшін қажетті қосымша ақпаратты және барлық авторлардың тізімін жазбаша нысанда ұсынуға тиіс.»;

6-тармақта:

«Жұмыс беруші қорғау құжатын алуға» деген сөздер «Жұмыс беруші өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын алудан оларды беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

«оны алуға не қорғау құжатын күшінде ұстап тұруға мүдделі болмаған» деген сөздер «не қорғау құжатын күшінде ұстап тұрудан бас тартқан» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қорғау құжатын алуға құқықты не алынған қорғау құжатын авторға уақытылы және» деген сөздер «бұл жөнінде авторды уақытылы жазбаша нысанда хабардар етуге және авторға қорғау құжатын алу құқығын не алынған қорғау құжатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

бірінші сөйлемде:

«жасалған өнеркәсіп меншігі объектісі туралы» деген сөздер алып тасталсын;

«өтінім» деген сөздің алдынан «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын беруге» деген сөздермен толықтырылып, «адамға» деген сөз «тұлғаға» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші сөйлемде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-тармақтағы «екінші тарапқа бұл туралы», «қызметтік өнертабысқа» деген сөздер тиісінше «бұл жөнінде екінші тарапты», «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

бірінші сөйлемдегі «Қызметтік өнертабыс», «келісіммен белгіленеді» деген сөздер тиісінше «Өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі», «келісімде айқындалады» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші сөйлемдегі «қызметтік өнертабысты» деген сөздер «өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісін» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 11-бапта:

6-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «кез келген» деген сөз алып тасталсын;

екінші бөліктегі «өзгеге беру шарты мен оны алуға құқықты өзгеге беру», «жасау ұйымы», «сараптау» деген сөздер тиісінше «басқаға беру», «ұйымы», «сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

12-тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті орган:

1) шарттың титулдық парағына тіркеу күнін және оның тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы мөртабан басады;

2) шарт туралы мәліметтерді тіркелген шарттардың тізіліміне енгізеді;

3) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін тіркелген шарттың үш данасын қорытындымен бірге сараптама ұйымына жібереді.

Сараптама ұйымы тіркелген шарттар бойынша соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді, өтініште хат-хабар алмасу үшін көрсетілген мекенжай бойынша тіркелген шарттың екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны жібереді, тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркеу нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық деректерін, шарт нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.

Шарттың екі данасы тиісінше уәкілетті орган мен сараптама ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.»;

13 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қорғау құжатын басқаға беру шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.»;

«15. Патент иеленуші қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін жыл сайын өтінім берген күнге сәйкес келетін күні төлем жүргізуге міндетті.

Қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін алғашқы төлем қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жүргізіледі және өтінім берілген күннен бастап алдындағы жылдар үшін төлемді қамтиды.»;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

«16. Еуразиялық патентті Қазақстан Республикасының аумағында күшінде ұстап тұру үшін баж мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.»;

9) 13-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өнеркәсіптік меншік объектісін басымдық берілген күннен кейін, бірақ өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге немесе пайдалы модельге патент беру туралы мәліметтер жарияланған күнге дейін пайдалана бастаған тұлға патент иеленушінің талабы бойынша одан әрі пайдалануды тоқтатуға міндетті. Алайда, мұндай тұлға патент иеленушіге мұндай пайдалану нәтижесінде өзі келтірген залалды өтеуге міндетті емес.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тараптар істі татуласу келісімімен немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтауы мүмкін, оларға тараптар қол қояды және оларды сот бекітеді.»;

10) 14-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «ерекше емес лицензияны (қосалқы лицензиялық шарт) басқа адамға (қосалқы лицензиатқа) беру туралы шарт лицензиялық шартта қарастырылған» деген сөздер «құқығына лицензияны басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) беруі туралы шарт (қосалқы

лицензиялық шарт) лицензиялық шартта көзделген» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

Бірінші бөліктің бірінші сөйлемі «қосалқы лицензиялық шарт» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ оған қосымша келісім» деген сөздермен толықтырылып, «ол» деген сөз алып тасталсын;

үшінші бөлік «қосалқы лицензиялық шартты» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ оған қосымша келісімді» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың үшінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі «өтініші» деген сөзден кейін «кері қайтарып алуға жатпайды және» деген сөздермен толықтырылсын;

11) 16-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде», «мемлекеттік, орыс немесе басқа тілде», «мемлекеттік тілдегі» деген сөздер тиісінше «қазақ немесе орыс тілінде», «қазақ, орыс тілдерінде немесе басқа тілде», «қазақ» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18-баптың 3-тармағында:

«сараптама жасау ұйымына пайдалы модельге патент беру туралы өтінім түскен күні бойынша белгіленеді, онда тегі, есімі, әкесінің аты (егер ол болса) көрсетілуі немесе арыз берушінің толық атауы, сипаттамасы, формуласы және сызбасы болуы керек» деген сөздер «өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе толық атауы көрсетіле отырып, пайдалы модельге патент беру туралы өтінішті, сипаттама мен сызбаларды қамтитын өтінім сараптама ұйымына келіп түскен күні бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

«түскен күні көрсетіліп» деген сөздер «келіп түскен күн бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 19-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «Өнеркәсіп үлгісіне», «өнеркәсіп үлгісіне», «өнеркәсіп үлгісі», «өнеркәсіп үлгісінің», «өзара байланыстылығы өнеркәсіп үлгісінің бірлігі талабын қанағаттандыратын өнеркәсіп үлгілері» деген сөздер тиісінше «Өнеркәсіптік үлгіге», «өнеркәсіптік үлгіге», «өнеркәсіптік үлгі», «өнеркәсіптік үлгінің», «өзара байланыстылығы соншалық, олар біртұтас шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талабын) құрайтын өнеркәсіптік үлгілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 21-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тиісті шешім қабылданғанға дейін өтінім берушінің сараптама ұйымына тиісті өтінішхат беру арқылы өтінім құжаттарына мәлімделген объектінің мәнін өзгертпей түзетулер мен нақтылаулар, сондай-ақ қорғау құжатын алуға құқықты беру кезінде өтінім берушіні көрсетуге қатысты өзгерістер енгізуге құқығы бар.»;

2-тармақтағы «Өтінім берушінің қорғау құжатын алу құқығын беру кезіндегі нұсқауына қатысты немесе өтінім беруші атауының өзгеруі нәтижесіндегі» деген сөздер «Өтінім берушінің атауының өзгеруі нәтижесінде өтінім берушіні көрсетуге қатысты» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 22-бапта:

9-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Уәкілетті органның өнертабысқа патент беру туралы шешімінің негізінде сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын беру үшін баж төлеу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Өтінім берушіге уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемінің төленгені туралы құжат ұсынылған жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.»;

11-тармақта:

бірінші сөйлемдегі «сараптама жасау», «инновациялық патент» деген сөздер тиісінше «сараптама», «пайдалы модельге патент» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі «22-1» деген цифрлар «23» деген цифрлармен ауыстырылсын;

13-тармақта:

бірінші бөліктегі «дәлелді себептерінің болғаны және» деген сөздер алып тасталып, «ақысының», «сараптама жасау» деген сөздер тиісінше «төлемінің», «сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші сөйлеміндегі «өтініш сараптама жасау ұйымына сараптаманың сұратылған құжаттарымен немесе шағым кеңесіне жасалған қарсылықпен бірге тапсырылады» деген сөздер «өтінішхат сараптама ұйымына сараптамаға сұратылған материалдармен, төлем

туралы құжаттармен немесе апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сұрау салуға жауап қайтару немесе осы баптың 3 және 8-тармақтарында көзделген қосымша материалдарды ұсыну мерзімдері – төлем төленген жағдайда, өтінім берушінің белгіленген мерзім өткенге дейін берген өтінішхаты бойынша белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айға дейінгі мерзімге, ал осы баптың 10-тармағында көзделген қарсылықтар беру мерзімдері белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

«13-1. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша өнертабысқа патент беруге арналған өтінімге сараптама, егер мәлімделетін өнертабыс патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілерге жататын болса, жеделдетілген түрде жүргізіледі.

Сараптаманы жеделдетіп жүргізу өтінім беруші осы баптың 1, 1-1, 2, 3, 4, 5, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтаған кезде алты ай ішінде:

- 1) әдеттегі сараптаманың;
- 2) ақпараттық іздестірудің;
- 3) мәні бойынша сараптаманың жүргізілуін қамтиды.

Патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілер тізбесін уәкілетті орган айқындайды.»;

16) 22-1-бап алып тасталсын;

17) 23-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші сөйлемдегі «жасау ұйымына», «1) – 4) тармақшаларында», «құжаттардың» деген сөздер тиісінше «ұйымына», «1), 2 және 4) тармақшаларында», «өтінім құжаттарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі «1) – 4) тармақшаларының», «сараптама жасау» деген сөздер тиісінше «1), 2), 3) және 4) тармақшаларының», «сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «өтінімнің» деген сөз «пайдалы модельдің» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөліктегі «2-4 және» деген сөздер «2, 3, 4 және» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «жасау ұйымының», «он күн мерзімде» деген сөздер тиісінше «ұйымының», «он жұмыс күн ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он жұмыс күн ішінде пайдалы модельге патент беру туралы шешім шығарады.»;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уәкілетті органның пайдалы модельге патент беру туралы шешімінің негізінде сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын беру үшін баж төлеу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.»;

бесінші бөлікте:

екінші сөйлемдегі «ұсынылмаған жағдайда төлем мерзімі» деген сөздер «ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші сөйлемдегі «Олай болмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтініш беруші» деген сөздер «Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 24-бапта:

2-тармақтың үшінші бөлігінде:

«берілмеген» деген сөз «кері қайтарып алынған» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын;

«Бұл мерзім тиісті төлем төленген жағдайда, бірақ үш айдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптары бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап оған үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгінің қайсысы қаралуға жататынын хабарлау және қажет болған кезде өтінім құжаттарына нақтылауды енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енгізілген басқа да өнеркәсіптік үлгілер бөлектелген өтінімдермен ресімделуі мүмкін. Бөлектелген өтінімдердің басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгілердің қайсысы қаралуға жататынын хабарламаған және нақтыланған құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сипаттамада бірінші көрсетілген объектіні, сондай-ақ біріншісімен байланыстылығы өнеркәсіптік үлгінің

бірлік талабын қанағаттандыратындай басқа да өнеркәсіптік үлгілерді қарау жүргізіледі.»;

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Бұл мерзім тиісті төлем төленген жағдайда, бірақ үш айдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.»;

5-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешім шығарады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Уәкілетті органның өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімінің негізінде сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын беру үшін баж төлеу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патент беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төлемін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда, өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.»;

8-тармақтың бірінші бөлігінде:

«Сараптама жасау ұйымы осы баптың 3 және 4-тармақтарында» деген сөздер «Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

«дәлелді себептер болған және өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіруге ақы төленгені туралы құжат табыс етілген жағдайда» деген сөздер «өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған кезде сараптама ұйымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сараптама ұйымы өнертабысқа патент беру туралы мәліметтерді өтінім берілген күннен бастап – он сегіз ай өткеннен кейін, ал пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтерді он екі ай өткеннен кейін бюллетеньде жариялайды. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша сараптама ұйымы мәліметтерді көрсетілген мерзімнен ерте жариялайды.»;

20) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Апелляциялық кеңес шешімінің немесе сот шешімінің негізінде қорғау құжаты толық немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

Қорғау құжаты ішінара жарамсыз деп танылған жағдайда өнертабыстың қалған қорғауға қабілетті объектісіне, өнертабыстың, пайдалы модельдің немесе өнеркәсіптік үлгінің нұсқасына жаңа патент беріледі.

Толық немесе ішінара жарамсыз деп танылған, өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент патентке өтінім берілген күннен бастап күшін жояды.

Кейіннен жарамсыз деп танылған патент негізінде жасалған лицензиялық шарттар патенттің жарамсыздығы туралы шешім шығарылған кезге орындалған деңгейде күшін сақтайды.

Патентті жарамсыз деп тану уәкілетті органның өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімінің күшін жоюды және тиісті мемлекеттік тізілімдегі жазбаның күшін жоюды білдіреді.»;

21) 31-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлікте:

«өтініші бойынша патентті күшінде сақтау үшін төленетін төлемнің мерзімі біткен күннен бастап үш жыл ішінде, патенттің қолданылуын қалпына келтіруге төлем туралы құжат берілген жағдайда» деген сөздер «өтінішхаты бойынша патентті күшінде ұстап тұру үшін төленетін төлемнің мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Қалпына келтіру туралы өтінішхатқа патенттің қолданылуын қалпына келтіруге құжаттарды дайындағаны үшін және төлем мерзімі өтіп кеткен қолданылу кезеңінде оны күшінде ұстап тұру үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі.»;

екінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «Сараптама жасау ұйымы бюллетеньде патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы мәліметтер» деген сөздер «Сараптама ұйымы қалпына келтіру туралы өтінішхат берілген күннен бастап екі айдан кешіктірмей патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы мәліметтерді бюллетеньде» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 32-бапта:

1-тармақтың бірінші сөйлемінде:

«22-1-бабының 6-тармағына,» деген сөздер алып тасталсын;

«23-бабының 3-тармағына» деген сөздерден кейін «, 24-бабының 6-тармағына» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) уәкілетті органның өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне (сараптама ұйымының қорытындысына);

2) өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беруге қарсы, еуразиялық патенттің қолданылуына қарсы қарсылықтар берілуі мүмкін.»;

жетінші бөлікте:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтінім беруші өткізіп алған мерзімі өтінім берушінің өтінішхаты бойынша осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде қалпына келтіріледі.»;

екінші сөйлем алып тасталсын;

23) 36-1-бапта:

1-тармақта:

3) тармақшадағы «сараптама жасау», «шешімдеріне» деген сөздер тиісінше «сараптама», «қорытындыларына» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) басқаға беру шарттарын, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және оларға қосымша келісімдерді жасауға, қарауға және кейіннен сараптамаға беруге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер берумен және (немесе) қорғау құжаттарын алумен, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтар берумен байланысты істерді жүргізуге патенттік сенім білдірілген өкіл сенімхаттың көшірмесін сараптама ұйымына және уәкілетті органға ұсынады.».

7. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілер – жекелеген элементтерінің айырмашылығы бар және тұтынушы ұқсастық тұрғысында бірдей деп қабылдайтын ұқсас белгілер немесе белгілемелер;

1-2) бірдей тауар белгілері – барлық элементтері сәйкес келетін белгілер немесе белгілемелер;

1-3) біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер – бір функцияны орындайтын, бір тектеске (түрге) жататын, тауарларда бірдей немесе ұқсас белгілерді қолданған кезде тұтынушыда олардың бір өндірушіге тиесілі екені туралы пікір тудыруы мүмкін тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер;»;

3) тармақшадағы «географиялық объектінің атауы – бұл» деген сөздер «географиялық көрсеткіш →» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) Сингапур шарты – 2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты;»;

9) тармақшадағы «таңбасын», «таңбасының», «белгісі», «тауар таңбасына құқықты беру, сондай-ақ» деген сөздер тиісінше «белгісін», «белгісінің», «белгілемесі», «сондай-ақ» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы «таңбасының», «кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, осы Заңға сәйкес тауар таңбасына», «заңды тұлға немесе жеке тұлға» деген сөздер тиісінше «белгісінің», «осы Заңға сәйкес тауар белгісіне», «жеке немесе заңды тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшада:

«объектінің», «белгі» деген сөздер тиісінше «көрсеткіштің», «белгілеме» деген сөздермен ауыстырылсын;

«шығу тегімен» деген сөздер «шыққан жерімен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы «таңбалары», «заңдары осы» деген сөздер тиісінше «белгілері», «заңнамасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеу;»;

2-4) тармақшадағы «таңбасын», «немесе қосалқы лицензиялық шартты» деген сөздер тиісінше «белгісін», «, қосалқы лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын және кепіл шартын» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұжымдық тауар белгісін тіркеуге өтінім қабылдауды; әдеттегі сараптама жүргізуді; өтінім материалдарына өзгерістер мен түзетулер енгізуді; өтінім берушінің бастамасы бойынша тауар белгісіне өтінімдерді сыныптар бойынша бөлуді; тауар белгісіне өтінімді ұжымдық тауар белгісіне қайта өзгертуді және керісінше өзгертуді; Мадрид келісіміне сәйкес халықаралық өтінімді қабылдауды; тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық жіктемесіне сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін дайындауды; халықаралық өтінімге өзгерістер енгізу туралы өтінішті салып жіберуді, ресімдеуді; үшеуден асатын әрбір сынып үшін қосымша өтінімге сараптама жүргізуді; өтінім берілген күннен бастап алты айдан кейін толық сараптаманы жедел әрі жылдамдатып жүргізуді; тіркеуден алдын ала бас тарту туралы шешімге қарсылықтарды қарауды; сараптама шешіміне қарсылық беру мерзімін әрбір айға ұзартып отыруды; сұрау салуға жауап қайтару мерзімін әрбір айға ұзартып отыруды; сұрау салуға жауап қайтарудың, төлемнің, қарсылық берудің өтінім беруші өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; қорғалатын тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістер енгізуді; тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына арналған тіркеудің, тауар белгісіне арналған және үшеуден асатын әрбір сынып үшін қосымша тіркеудің қолданылу мерзімін ұзартуды; ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды; кепіл шартына, бір немесе бір топ өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты кешенді кәсіпкерлік лицензия беру туралы шартқа сараптама жүргізуді; қосымша келісімдерге сараптаманы және шарттарды тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; мемлекеттік тізілімнен үзінді көшірмелер, анықтамалар беруді; тауар белгілерінің дерекқорындағы белгілемелерді және іздестіру туралы есепті ұсына отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көрсетілген сыныптарына қатысты тіркеуге мәлімделген белгілемелерді алдын ала іздестіруді жүргізуді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды қоса алғанда, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілері мен тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге сараптама, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне құқықтарды беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, қорғалатын тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.»;

3-тармақтағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «монополияға қарсы органмен келісу бойынша уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 4-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «таңбаларын», «таңбасына», «таңбасының», «таңбасын» деген сөздер тиісінше «белгілерін», «белгісіне», «белгісінің», «белгісін» деген сөздермен ауыстырылып, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар белгілерін құқықтық қорғау жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

3. Тауар белгісіне құқық Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу туралы жазбамен куәландырылады және Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.»;

6) 6-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақша «тауарлардың» деген сөзден кейін «(көрсетілетін қызметтердің)» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) дәрілік заттардың патенттелмейтін халықаралық атауларын білдіретін;»;

6) тармақшадағы «және (немесе) ұқсастық» деген сөздер алып тасталсын;

7) 7-баптың 1-тармағында:

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен Қазақстан Республикасында тіркелген және халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгілерімен немесе сол тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты сол тұлғаның бірдей тауар белгілерімен;»;

«3) біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге (қайтарып алынғандарынан басқа) қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен тіркеуге мәлімделген белгілемелермен немесе сол тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты сол тұлғаның ұқсас белгілерімен;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тауар белгілерінің қандай да біреуімен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар белгісі ретінде тіркеуге тауар белгісі иесінің келісімі берілген кезде жол беріледі.»;

8) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар белгісіне өтінімді сараптама ұйымына бір өтінім беруші береді.»;

9) 9-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Тауар белгісін тіркеуге арналған өтінімге қойылатын талаптар»;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы «(өтінім берушілерді)», «(олардың)» деген сөздер алып тасталып, «белгіге» деген сөз «белгілемеге» деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта:

«мемлекеттік тілде», «мемлекеттік тілдегі» деген сөздер тиісінше «қазақ» деген сөзбен ауыстырылсын;

«екі ай» деген сөздер «бір ай» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Тауар белгісінің алуан түрлі тауарларға қатысты көптеген басымдығы алуан түрлі тауарларға қатысты өтінім берушінің бір белгілемеге берілген бірнеше өтінімі болған кезде оның өтінішхаты бойынша белгіленеді.»;

11) 11-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) алдын ала сараптама – өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны, осы Заңның 5 және 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар-жоғы тексеріледі. Сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі;»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) тауар белгісіне арналған өтінімге сараптама қосымша төлем төленген кезде өтінім берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерден бұрын, бірақ өтінім берілген күннен бастап алты айдан кейін жүргізіледі.»;

12) 12-бапта:

1-тармақта:

«өтініш берушіге» деген сөздер «өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға толық сараптама нәтижелері бойынша шығарылған, тіркеу туралы, ішінара тіркеу не тіркеуден бас тарту туралы сараптама қорытындысын жібереді. Тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптама қорытындысы өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жіберіледі.»;

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

«таңбасын», «өтініш», «сараптама жасау», «таңбасына куәлік бергені үшін мемлекеттік баж төлеуді» деген сөздер тиісінше «белгісін», «өтінім», «сараптама», «белгісін тіркеу үшін мемлекеттік баж төлемін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тауар таңбасына куәлік беруге құжаттарды дайындағаны үшін сараптама ұйымының іс-әрекеттеріне ақы төлеуді» деген сөздер «тіркеу туралы мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлем» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

«тауар таңбасына куәлікті беруге мемлекеттік баж және тауар таңбасына куәлікті беруге құжаттарды дайындағаны үшін сараптама ұйымының іс-әрекеттеріне ақы төлегені» деген сөздер «тауар белгісін тіркеу үшін мемлекеттік баж төлемі және мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлем» деген сөздермен ауыстырылсын;

«таңбасын тіркеу жүргізілмейді, ал тауар таңбасына тиісті өтінім қайтарып алынған болып саналады» деген сөздер «белгісін тіркеу жүзеге асырылмайды, ал тауар белгісіне тиісті өтінім кері қайтарып алынды деп танылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 13-баптың б) тармақшасындағы «танысуға құқығы бар.» деген сөздер «танысуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) апелляциялық кеңеске қарсылық беруге байланысты іс жүргізуді тоқтата тұру туралы өтініш білдіруге;

8) тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін алу құқығын шарт жасамастан басқа тұлғаға беру туралы өтініш білдіруге құқығы бар.»;

14) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімі

1. Тауар белгісін тіркеу туралы мәліметтер сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем және тауар белгісін тіркеу үшін мемлекеттік баж төленген кезде Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне:

- 1) тауар белгісінің бейнесі;
- 2) оның иелері туралы мәліметтер;
- 3) тауар белгісін тіркеу нөмірі мен күні;
- 4) ұжымдық тауар белгісіне нұсқау;
- 5) соларға қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;
- 6) сараптама ұйымына өтінімнің нөмірі мен берілген күні;
- 7) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, ел, алғашқы өтінімнің нөмірі және берілген күні;

8) қорғалатын тауар белгісіне құқық беру туралы мәліметтерді қоса алғанда, тауар белгісін тіркеуге қатысты басқа да мәліметтер енгізіледі.

2. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімі жалпы жұртқа қолжетімді болып табылады. Мүдделі тұлғалардың өтінішхаты бойынша сараптама ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме береді.

3. Тауар белгісінің иесі өзінің тегінің, атының және әкесінің атының (ол болған кезде), тұрғылықты жерінің не атауы мен орналасқан жерінің өзгеруі туралы мәліметтерді қоса алғанда, тіркеуге қатысты өзгерістер туралы, сондай-ақ тіркеуді мәні бойынша өзгертпейтін, оларға қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесін қысқарту туралы сараптама ұйымын хабардар етуге міндетті.

4. Сараптама ұйымы өзгерістер енгізу туралы өтінішхат берілген және тиісті төлем төленген күннен бастап бір ай ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне осы баптың 3-тармағында көрсетілген өзгерістерді, сондай-ақ техникалық сипаттағы қателерді түзету үшін өзгерістерді енгізеді.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізілген күннен бастап екі ай ішінде өтінім берушіге тиісті өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама жіберіледі.»;

15) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі оның қолданылуының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады. Тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер өтінішхат берілген күннен бастап бір ай ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.»;

16) 16-бапта:

бірінші бөлікте:

«Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген тауар таңбасын тіркеуге қатысты» деген сөздер «Тауар белгісін тіркеуге қатысты, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бұдан былайғы өзгерістерді Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылған соң сараптама жасау ұйымы бюллетеньде» деген сөздер «кейінгі өзгерістерді сараптама ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде және өзінің интернет-ресурсында» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «Мемлекеттік тізілімге және ұжымдық тауар таңбасына берілген куәлікке ұжымдық тауар таңбасының» деген сөздер «Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне ұжымдық тауар белгісінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 17-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тіркеудің қолданылу мерзімі өтіп кеткен, тауар белгісімен айырғысыз дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар белгісі тауар белгісін тіркеудің қолданылуы тоқтатылған күннен бастап бір жыл бойы басқа тұлғаның атына тіркелмейді.»;

18) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме

1. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме тауар белгісінің тіркелу фактісін, оның басымдығын, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде көрсетілген тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) қатысты тауар белгісіне иесінің айрықша құқығын растайды.

2. Үзінді көшірменің нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;

19) 18-1-баптың тақырыбындағы «таңбасын» деген сөз «белгісін» деген сөзбен ауыстырылып, 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгісі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар белгісі ретінде пайдаланылатын, бірақ белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгілеме Қазақстан Республикасында жалпы жұртқа белгілі тауар белгісі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпы жұртқа белгілі деп тану жөніндегі жеке немесе заңды тұлғалардың өтінішін уәкілетті органның тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану жөніндегі комиссиясы қарайды.

Өтінім берілген күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қажетті құжаттардың бар-жоғын тексереді, өтінім берушіні өтінімнің қарауға қабылдағаны туралы хабардар етеді және бұл туралы мәліметтерді танысу және үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктерді уәкілетті органға жіберу мүмкіндігі үшін интернет-ресурста жариялайды.

Жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң өтінім мен оған қоса берілетін, белгінің жалпы жұртқа белгілі екенін растайтын материалдарды уәкілетті орган қарайды. Көрсетілген мерзім өткен соң уәкілетті орган үш ай ішінде өтінімді қарауды жүргізеді.

Өтінім беруші өтінім материалдарына оны қарау аяқталғанға дейін түзетулер, толықтырулар және нақтылаулар енгізуге құқылы.

Үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктер болған кезде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі, өтінім беруші оған пікірін өтінімді қарау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылғанға дейін ұсынады.

Тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) Қазақстан Республикасында жалпы жұртқа белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану туралы шешім не ондай деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл мұндай шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар белгісінің иесіне жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған нақты мәліметтер белгінің жалпы жұртқа белгілі болуы өтініште көрсетілгеннен өзге күн екенін растаса, тауар белгісі нақты күннен бастап жалпы жұртқа белгілі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп іс жүзінде тану туралы мәліметтер тұтынушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелерімен расталады, оны Қазақстан Республикасының аумағында мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүргізеді. Сауалнама республикалық маңызы бар қаланы, астананы және облыстық маңызы бар кемінде бес қаланы қамтуға тиіс. Бір елді мекендегі респонденттердің жалпы саны кемінде бір жүз адам болуға тиіс.

Егер:

1) тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану үшін мәліметтер жеткіліксіз болса;

2) өтінім беруші өзінің тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тануға өтініш білдірген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар, қорғалатын немесе біртектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтінім берушінің тауар белгісімен айырғысыз дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар белгісі бар екені анықталса, тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

«4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, белгілемені немесе тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану негізінде Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті мәліметтер енгізіледі.

Тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп танудың қолданылу мерзімі оның иесінің өтінішхаты бойынша және тауар белгісінің жалпы жұртқа белгілі екенін растайтын мәліметтер ұсынылған кезде келесі он жыл мерзімге ұзартылады.

Жалпы жұртқа белгілі тауар белгісін тіркеу, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер Жалпы жұртқа белгілі тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.»;

20) 19-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «таңбасын», «таңбасының», «таңбасымен», «таңбаларын», «таңбасы», «таңбасына», «таңбасынан», «таңбаларының» деген сөздер тиісінше «белгісін»,

«белгісінің», «белгісімен», «белгілерін», «белгісі», «белгісіне», «белгісінен», «белгілерінің» деген сөздермен ауыстырылып, 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына азаматтық айналымға тікелей тауар белгісінің құқық иеленушісі заңды енгізген немесе оның келісімімен енгізілген тауарларға қатысты тауар белгісін басқа тұлғалардың пайдалануы осы тауар белгісіне айрықша құқықты бұзу болып табылмайды.»;

21) 21-бапта:

3-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «таңбасына», «немесе лицензиялық шарт» деген сөздер тиісінше «белгісіне», «, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты, тауар белгісінің кепіл шарты» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «таңбасына», «немесе лицензиялық шартты тіркеу сараптама жасау» деген сөздер тиісінше «белгісіне», «, лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын, кепіл шартын тіркеу сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік «қосалқы лицензиялық шарттарды» деген сөздерден кейін «, тіркелген шарттарға қосымша келісімдерді» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі «таңбасына», «және лицензиялық шартты тіркеу үшін сараптама жасау» деген сөздер тиісінше «белгісіне», «, лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын, кепіл шартын тіркеу үшін сараптама» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) нысанасы біртектес өнеркәсіптік меншік объектілері болып табылатын шарттың титулдық парақпен жабдықталған төрт данада төлнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбамен бекемделіп тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедері және екі тараптың не соған уәкілеттік берілген екі тарап адамдарының қолтаңбалары қойылады.»;

3) тармақшадағы «құжат қоса беріледі.» деген сөздер «құжат;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Төлем өтініш берілген кезде немесе өтініш келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі. Бір ай мерзімде төлем туралы құжат ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады.»;

тоғызыншы бөліктегі «және лицензиялық шартқа» деген сөздер «лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына, кепіл шартына, қосымша келісімге» деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөліктегі «тіркелген» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тараптарының бірі Сингапур шартына қатысушы шет мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы болып табылатын құқықтар беру туралы шарттарға сараптама және оларды тіркеу Сингапур шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.»;

5-тармақтың 1) тармақшасында:

«бірақ» деген сөзден кейін «оны» деген сөзбен толықтырылсын;

«куәлік» деген сөз «тауар белгісін тіркеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) соған қатысты шарт жасалатын және оны қалпына келтіруге мүмкіндік жоқ тауар белгісінің тіркеу қолданысы тоқтатылған;»;

9-тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті орган:

1) шарттың титулдық парағында тіркеу күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы мөртабан басады;

2) тіркелген шарттардың тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді;

3) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін тіркелген шарттың үш данасын қорытындымен бірге сараптама ұйымына жібереді.

Сараптама ұйымы тіркелген лицензиялық шарттар, тауар белгілеріне айрықша құқықтар беру туралы шарттар, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттары, кепіл шарттары бойынша тіркелген шарттың екі данасын өтініште хат-хабар алысу үшін көрсетілген мекенжай бойынша жібереді және тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркеу нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық деректерін, шарт нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.

Шарттың екі данасы тиісінше уәкілетті орган мен сараптама ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.»;

10-тармақтағы «таңбасына», «және лицензиялық шарт» деген сөздер тиісінше «белгісіне», «лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты. кепіл шарты» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 24-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «таңбасының», «таңбасы», «таңбаларының», «таңбасын» деген сөздер тиісінше «белгісінің», «белгісі», «белгілерінің», «белгісін» деген сөздермен ауыстырылып, 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тауар белгісі иесінің - жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметінің тоқтатылуына немесе оның қайтыс болуына, заңды тұлғаның таратылуына байланысты;»;

23) 25-бапта:

2-тармақтағы «ерекше құқығы айрықша қасиеттері тек қана немесе негізінен табиғи жағдайларды және (немесе) адам факторларын қоса алғанда, географиялық ортаға байланысты осы географиялық объектіде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, тауарлар өндіретін бір немесе бірнеше заңды немесе жеке тұлғаларға» деген сөздер «айрықша құқығы ерекше қасиеттері табиғи жағдайларды және (немесе) адами факторларды қоса алғанда, тек қана немесе негізінен географиялық ортаға байланысты тауарларды осы географиялық объектіде өндіретін бір немесе бірнеше кәсіпкерлік субъектісіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші сөйлемінде:

«объектінің атауын» деген сөздер «көрсеткішті» деген сөздермен ауыстырылсын;

«осы объектінің» деген сөздер «осы көрсеткіштің» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 29-баптың 4-тармағында:

«мемлекеттік тілде», «мемлекеттік тілдегі» деген сөздер тиісінше «қазақ» деген сөзбен ауыстырылсын;

«екі ай ішінде» деген сөздер «өтінім берілген күннен бастап бір ай мерзімде» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 31-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «5-тармағында» деген сөздер «6-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 33-бапта:

1-тармақтағы «Сараптама жасау ұйымы тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлік берумен бірге», «айрықша» деген сөздер тиісінше «Сараптама ұйымы», «ерекше» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші сөйлеміндегі «сараптама жасау», «тізіліміне және куәлікке түсіреді» деген сөздер «сараптама», «тізіліміне енгізеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«36-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы

1. Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме тауар шығарылған жердің атауын тіркеу фактісін және

Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген тауарға қатысты оны пайдалануға иесінің айрықша құқығын растайды.

2. Үзінді көшірменің нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;

28) 41-бапта:

1-тармақтың бірінші сөйлеміндегі «осы Заңның 12-бабының 5-тармағына», «жөніндегі уәкілетті органның» деген сөздер тиісінше «уәкілетті органның осы Заңның 12-бабының 6-тармағына», «жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейінгі қарау міндетті болып табылады.»;

2-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтінім беруші өткізіп алған мерзімі өтінім берушінің өтінішхаты бойынша осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде қалпына келтіріледі. Мұндай өтінішхат апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.»;

29) 42-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің заңдылығы туралы;»;

4) тармақшадағы «куәліктен» деген сөз «тіркеуден» деген сөзбен ауыстырылсын;

30) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«45-бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті орган тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеу, жалпы жұртқа белгілі тауар белгісін тіркеу, шарттарды тіркеу, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беру жөніндегі әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.».

2-бап.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін сараптама ұйымына келіп түскен инновациялық патент беруге өтінімдер осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған қағидалар бойынша қаралуға жатады.

Өнертабыстарға осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген инновациялық патенттер олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.

3-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ



Астана, Ақорда, 2015 жылғы 7 сәуір

№ 300-V ҚРЗ